

## ***Құрметті сатып алушы!***

Біз Сізге осы аспапты сатып алғаныңыз үшін шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Сіз біздің өнімімізге шын мәнінде сенуге қарапайым дәлел табатыныңызға күмән келтірмейміз. Тұрмыстық техниканы пайдалануын жеңілдету үшін біз осы кешенді нұсқаулығын қоса ұсынамыз.

Осы нұсқаулық Сізге жаңа тұрмыстық аспаппен танысуға көмектеседі. Тұрмыстық аспабын алғашқы рет пайдаланар алдында нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз.

Қандай да жағдайда аспап Сізге ақаусыз жеткізілгеніне көз жеткізіңіз. Тасымалдау барысында қандай да бір ақаулықты айқындаған жағдайда біздің сауда өкілімізбен немесе тауар жеткізілген аймақтық қоймасымен байланысыңыз. Тауарды жеткізу дәне қабылдап алу туралы есебінде Сіз телефон нөмірін таба аласыз.

Жаңа тұрмыстық аспапты сатып алуыңызбен біз Сізге көптеген жақсылықты тілейміз.



Электрмагнитті энергиясы қолданылатын тамақ пен сусындарды жылытуға арналған тұрмыстық бағыты үшін жабдығы тек жайларда қолдану үшін ғана арналған.

## ***Қолдану жөніндегі нұсқаулығы***

Осы нұсқаулық пайдаланушы үшін арналған.

Мұнда пештің сипаттамасы және оны пайдалану тәсілдері келтірілген. Нұсқаулықта сондай-ақ тұрмыстық техникасының әртүрлі түрі аталған, сондықтан Сіздің аспабыңызға қолданылмайтын да кейбір функцияларының сипаттамасын таба аласыз.



Ешқашан қыздырғыш аспаптары немесе асүй техникасының бетіне жанаспаңыз.

Пайдалану кезінде олар қыздырады. Балаларды аспапқа жақын жібермеңіздер. Күйіп қалу тәуекелі бар!  
Микротолқынды энергиясы және жоғары кернеу! Қақпағын ашпаңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Тұрмыстық аспабы және оның қолжетімді бөліктері пайдалану кезінде қатты қыздырады. Қыздыру құрылғыларына тиіп кетпес үшін, абай болыңыз. Сегіз жастан кішкентай балалар үнемі бақылауды талап етеді!

Электр аспабы және оның кейбір қолжетімді құрамдас бөліктері пайдалану кезінде қатты қыздырады. Қыздыру құрылғыларына тиіп кетпес үшін, абай болыңыз. Сегіз жастан кішкентай балалар үнемі бақылауды талап етеді! Балалар тұрмыстық аспабымен ойнамағанына көз жеткізу үшін үлкендер балаларды үнемі қадағалаулары керек. Бұл электр аспабын 8 жастағы және одан үлкен балалар, сондай-ақ физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой ауытқулары бар немесе жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалар қадағалаумен немесе олар электр аспабын қауіпсіз қолдануға қатысты тиісті нұсқаулар алса, сондай-ақ олар осыған байланысты қауіп факторларын түсінсе ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Балалардың электр аспабымен ойнауына рұқсат бермеңіз! Балалар тазартуды және аспапқа қызмет көрсетуді, олардың жастары 8ден асқан жағдайлардан басқада, тек үлкендердің қарауымен жүзеге асырулары керек!

- **ЕСКЕРТУ!** Егер аспап даярлаудың аралас режимінде пайдаланылса, аспаптың ішінде жоғары температура болғандықтан балаларға аспапты үлкендердің қадағалауынсыз пайдалануға рұқсат етілмейді (тек гриль функциясы бар модельдеріне қатысты).
- **ЕСКЕРТУ!** Егер есік немесе есіктің нығыздағышы ақауланған болса, пешті білікті мамандар жөнделгенше пайдалануға тыйым салынады.

- ЕСКЕРТУ: Қауіпті жағдайларды болдырмау үшін микротолқынды сәулеленуден қорғайтын қақпағын шешіп алуды талап ететін аспаптың қандай да бір жөндеуі мен қызмет көрсетуін тексерістік орталығының өкілі болып табылмайтын кез келген тұлға үшін қауіпті.
- ЕСКЕРТУ: Сусындарды және басқа да тағамдық өнімдерін тығыз жабылған ыдыстарда қыздырмаңыз, себебі олар жарылып кетуі мүмкін.
- Балалар үлкендердің қадағалауында болуы керек, олар балалардың аспаппен ойнамауын тексерулері керек.
- Аяқтарын шешіп алмаңыз және пештің желдеткіш саңылауларын блоктамаңыз.
- Тек микротолқынды пештерде қолдану үшін арнайы арналған ыдысты пайдаланыңыз.
- Пластикалық және қағаз контейнерлерде тамақты қыздыру барысында, ықтимал тұтануы салдарынан пешті қадағалап отырыңыз;
- Түтін пайда болған жағдайда аспапты сөндіріңіз немесе айырын жұлып алыңыз да, жалынды басу үшін есігін ашпаңыз;
- Қандай да бір сусындардың микротолқынды жылытуы кешіктірілген кенет қайнап кетуге алып келуі мүмкін, сондықтан контейнерді пайдалану барысында абайлықты ұстану керек;
- Балалардың тамағы бар банкалары және тамақтану бөтелкелерінің ішіндегісін араластыру немесе сілкіп жіберу керек, күйіп қалмау үшін пайдаланар алдында оның температурасын тексеру керек.
- Қабығымен және қатып піскен жұмыртқаны микротолқынды пеште пісіруге/жылытуға болмайды, себебі олар жарылып кетуі мүмкін, тіпті жылыту аяқталып болса да;
- Есігінің бетін, есік тығыздағышын, пеш камерасының ішкі бетін тазарту барысында, тек жұмсақ сабынды ерітіндіні, абразивті емес сабынды немесе ысқыш не жұмсақ шүберекпен жағылатын жуғыш құралдарын пайдаланыңыз;
- Пешті жиі тазартып, қандай да бір тамақ қалдықтарын кетіріп тұру керек;
- Пешті таза қалпында ұстау режимін ұстанбау бетінің жағдайын нашарлатуға алып келуі мүмкін, бұл тұрмыстық аспабының қызмет ету мерзіміне теріс ықпал етуіне және қауіпті жағдай тудыруына алып келуі ықтимал;
- Егер электрқоректену шнуры ақауланған болса, онда өндірушісі, сервистік агенті немесе басқа да білікті тұлғалары оны тәуекелді болдырмау үшін ауыстырулары керек.
- Шнурды үстелдің шетінде ілулі немесе үстелдің жұмыс бетінде қалдырмаңыз.
- Осы тұрмыстық аспабын қауіпті жағдайларды болдырмау үшін сыртқы таймердің ауыстырып қосқышымен немесе басқарудың қашықтық жүйесімен ешқашан жалғамаңыз.
- Ешқашан пештің ішіндегі лампышасын ауыстырмаңыз. Gorenje қызмет көрсету бөлімі әрқашан осындай бөлшектерін ауыстырулары керек.
- Тұрмыстық аспабын бұзартқыш, жоғары қысымды тазартқыштар, өткір заттар, абразивті жуғыш құралдары, сондай-ақ абразивті спонж және дақкетіргіш көмегімен тазартпаңыз.

**Жалпы арналған техникасы нұсқаулығы** **қолдануға қауіпсіздік бойынша**

Төменде келтірілген нұсқаулықтар осы және басқа да барлық тұрмыстық аспаптары үшін осы пешті сенімді пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында, ережелер мен арнайы қорғау шараларын ұстану үшін міндетті болып табылады:

1. Аспапты пайдаланар барысында шыны табағының, ролик тұғырығын, муфта мен ролыгангның болуын әрқашан тексеріңіз.
2. Пешті тағам даярлаудан басқа мақсаттарда пайдаланбаңыз, мысалы, киім, қағаз, немесе басқа да тағамдық емес заттарды кеттіру үшін, сондай-ақ зарарсыздандыру үшін.
3. Пеш бос болса, оны пайдаланбаңыз. Бұл оны ақауландыруы мүмкін.
4. Ішкі камерасын қандай да бір заттарды сақтау үшін пайдаланбаңыз, мысалы, қағазды, кулинар кінаптарын және т.б.
5. Қабығы бар тағамдарды даярлау алдында, мысалы, жұмыртқа сарысын, картоп және құстың бауырын және т.б., оларды бірнеше рет шаңышқымен тесіп алыңыз.

6. Сыртқы корпусындағы саңылауға қандай да бір заттарды салмаңыз.
7. Ешқашан аспап бөлшектерін, мысалы аяқтарын, бекіткіштерін, бұрандаларын және т.б. шешіп алмаңыз.
8. Шыны тарелкада даярламаңыз. Пешке салар алдында тағамдарды тиісті асүй ыдысына салыңыз.

#### **МАҢЫЗДЫ - СІЗДІҢ МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШІҢІЗДЕ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛМАЙТЫН АСУЙ ЫДЫСЫ**


- Металл табалар немесе металл тұтқалары бар ыдысты қолданбаңыз.
  - Металл жиегі бар кез келген ыдысты қолданбаңыз.
  - Пластикалық орауларындағы қағазбен жабылған орауыш сым бауларын қолданбаңыз.
  - Меламин ыдысын қолданбаңыз, себебі оның құрамында микротолқынды энергиясын сіңіретін материалы бар. Бұл ыдыстың жарылуына және даярлау жылдамдығын азайтуға алып келуі мүмкін.
  - Centura ас ыдысын қолданбаңыз. Глазурленген ыдысы микротолқынды пеште қолдану үшін келмейді. Сондай-ақ тұйықталған тұтқасы бар Corelle Livingware тостақандарын қолданбаңыз.
  - Тағамды тар мойны бар контейнерде дайындамаңыз, мысалы, қақпағында жұлынып алынатын сегменті бар жез банка немесе майға арналған жапсырылған бутыл, себебі олар микротолқынды пешті қыздыру барысында жарылып кетуі мүмкін.
  - Май немесе тәттілерге арналған стандартты термометрді пайдаланбаңыз.
  - Микротолқынды пеште даярлау үшін арналған арнайы термометрлер бар. Оларды пайдалануға болады.
9. Микротолқынды пештерінде даярлауға арналған ыдысты тек өндірушінің нұсқауларына сәйкес пайдалану керек.
  10. Осы пештерінде фритюрдегі тағамдарды қуыруға тырыспаңыз.
  11. Микротолқынды пештері контейнердің өзін емес, контейнердегі сұйықтықтарды қыздыратынын есте сақтауларыңызды өтінеміз. Сондықтан, тіпті қақпағы пештен алып шыққанда ұстағанда ыстық болмаса да, оның ішіндегі тамақ/сұйықтық әдеттегі даярлау барысында сияқты қақпағын ашқанда будың және/немесе шашыраудың баламалы көлемін босататын болады.
  12. Әрқашан даярланған астың температурасын тексеріңіз, әсіресе егер сіз тамақты/сұйықтықты сәбиге арнап даярласаңыз. Тамақты/сұйықтықты даярлағаннан кейін бірден пайдаланбаған жөн. Ол бірнеше минут тұрғызып, температурасын біркелкі тарату үшін араластырыңыз.
  13. Май мен суы бар тағамдарды, мысалы, сорпаны, даярлағаннан кейін пеште 30-60 секунд қалдыру қажет, пеш сөнгенше. Бұл қоспаға тұнуына мүмкіндік береді және тамаққа/сұйықтыққа қасық салу барысында немесе сорпаға кубиктер қосқанда көпіршіктің пайда болуын болдырмайды.
  14. Тамақты/сұйықтықты даярлауға/қыздыру кезінде кейбір тағамдар, мысалы, рождествендік пудинг, джемдер және ет фаршы сияқты тым тез қызатын тағамдардың белгіленген санаты бар. Құрамында жоғары майы немесе қанты бар тағамдарды қыздыру немесе даярлау барысында пластикалық контейнерлерді пайдалануға болмайды.
  15. Ішіндегі қыздырылған тағамынан берілетін жылу салдарынан ыдыс ыстық болып қызуы мүмкін. Бұл әсіресе ыдыстың қақпағы мен тұтқасы целлофан ораумен жабылған болса маңызды. Ыдысты ұстау үшін ұстағыштарды пайдалану қажет болады.
  16. Пештің ішкі камерасындағы тұтану тәуекелін төмендету үшін:
    - a) Тамақты аудармаңыз. Тағам даярлауды жеңілдету үшін пештің ішінде қағазды, пластмассаны және басқа да тұтанғыш заттарды салсаңыз, пайдалану барысында байқаулы болыңыз.
    - b) Пакетті пеште салар алдында орауыш сым бауларын шешіп алыңыз.
    - c) Егер материалдары пештің ішінде жанып кетсе, жалынды таратпау үшін пештің есігін ашпаңыз. Аспапты қабырға сөндіргішінен өшіріңіз немесе пешті сақтандырғыштағы не шиттегі электрқоректенуден ажыратыңыз.

# COMPUTER CONTROL PANEL




- **УАҚЫТ +**
- **ДИСПЛЕЙ**  
(Тағамды даярлау уақыты, уақыт индикаторлары, қуаты, функциялары және сағат көрсетулері дисплейде көрсетіледі).
- **УАҚЫТ -**
- **ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА**  
(Даярлау бағдарламасын іске қосу үшін бір рет басыңыз. Даярлау процесін уақытша тоқтату үшін бір рет басыңыз. Осы кнопкалар сондай-ақ балалардан блоктауды күйге келтіру үшін қолданылады).
- **ФУНКЦИЯСЫН АУЫСТЫРЫП ҚОСУ ТҰТҚАСЫ**
- **ЕСІКТІ АШУ ҮШІН КНОПКАСЫ**

1. Есіктің қорғау бекіткішінің жүйесі
2. Пештің терезесі
3. Роликті шығыршық
4. Шыны табақ
5. Басқару панелі
6. Волновод (волноводты жабатын миканитті бетін шешіп алмауыңызды өтінеміз)



Грильге арналған тіреу (тек гриль үшін немесе аралас функциялары үшін арналған және шыны табаға ауыстырылады)



## 1. САҒАТ



Микротолқынды пеші цифрлық сағатымен жабдықталған. Сіз сағат кнопкасын күту режиміне ауыстырып қосып, 24/12-сағаттық цикл режиміндегі уақыттың күйге келтіруін таңдай аласыз.

Мысалы: Сізге пештің сағатын 8:30-ға күйге келтіру қажет деп ұйғарайық.

1. Пештің күту режимінде функцияларын ауыстырып қосудың тұтқасын УАҚЫТ режиміне бұраңыз. Сіз уақыт циклының 24 немесе 12 сағаттығын күйге келтіру үшін УАҚЫТ+ дегенді баса аласыз.
2. Уақыттың күйге келтіруін растау үшін ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА кнопкасын бір рет басыңыз.
3. Сағаттың 8 цифрын күйге келтіру үшін УАҚЫТ + немесе УАҚЫТ- кнопкаларын басыңыз.
4. Уақыттың күйге келтіруін растау үшін ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА кнопкасын бір рет басыңыз.
5. Сағаттың 30 минут цифрын күйге келтіру үшін УАҚЫТ + немесе УАҚЫТ- кнопкаларын басыңыз.
6. Сағаттың күйге келтіруін растау үшін ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА кнопкасын бір рет басыңыз.

ЕСКЕРТУ: Сіз функциясын ауыстырып қосу тұтқасын САҒАТҚА ауыстырып қоса отырып, тамақ даярлау барысында уақыттың тексерсе аласыз.

## 2. КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН СТАРТ



Бұл функция даярлау бағдарламасын іске қосуды неғұрлым кеш уақытқа бағдарландыруға мүмкіндік береді.

Мысалы: қазір сағат 9:00 деп ұйғарайық, енді Сіз пеш сағат 10:30-да грильдің 5 минутқа даярлау бағдарламасын іске қосқанын қалайсыз.

1. Функцияларды ауыстырып қосу тұтқасын КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН СТАРТ дегенге бұрыңыз.
2. Сағаттың күйге келтіру үшін УАҚЫТ + немесе УАҚЫТ- дегенді басыңыз, содан кейін растау үшін ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА дегенді басыңыз.
3. Минутын күйге келтіру үшін УАҚЫТ + немесе УАҚЫТ- дегенді басыңыз, содан кейін қайтадан растау үшін ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА дегенді басыңыз.
4. Функцияларды ауыстырып қосу тұтқасын ГРИЛЬ бағдарламасына сағат тіліне қарсы-бойынша ауыстырып қосыңыз.
5. Даярлау уақытын тікелей 5:00-ға күйге келтіру үшін УАҚЫТ + немесе УАҚЫТ- дегенді басыңыз.
6. Бағдарламаны іске қосу үшін ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА дегенді басыңыз.

ЕСКЕРТУ:

1. Егер уақыт 10:30-ды көрсетіп тұрса, даярлаудың қалаған бағдарламасы автоматты түрде іске қосылады.
2. Даярлау процесінде функцияларды ауыстырып қосу тұтқасын КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН СТАРТ дегенге бұрып, алдын ала тапсырылған уақыттың тексеруге болады.

**3. ЖІБІТУ функциясын КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН СТАРТ бағдарламасына орнатуға болмайды.**

### 3. ЖЫЛДАМ ІСКЕ ҚОСУ



Осы функция Сізге пешті тез іске қосуға мүмкіндік береді. Күту режимінде 30 секунд даярлау уақытын күйге келтіру үшін ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА кнопкасын қатармен басыңыз, содан кейін пеш кешікпей максимальді қуатта жұмыс істеуді бастайды.

Даярлау процесі бойынша Сіз ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА кнопкасын басып, тамақты даярлау уақытын ұзарта аласыз.

### 4. БАЛАЛАРДАН БЛОКТАУ



Осы функция кішкентай балалардың пешті бақылаусыз пайдалануын болдырмау үшін қолданылады. БАЛАЛАРДАН БЛОКТАУ индикаторы дисплейде жанады да, блоктаудың осы режимін орнату кезінде пеш жұмыс істемейтін болады.

БАЛАЛАРДАН БЛОКТАУ функциясын күйге келтіру үшін: пештік күту режимінде ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА кнопкасын басып, оны 3 секунд бойынша ұстап тұрыңыз, блоктау индикаторы жанады.


БАЛАЛАРДАН БЛОКТАУ функциясын болдырмау үшін: ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА кнопкасын басыңыз да, дисплейде блоктау индикаторы сөнгенше 3 секунд бойынша ұстап тұрыңыз.

### 5. ӨЗДІГІНЕН ТАЗАРТУ ФУНКЦИЯСЫ



Сумен 200 мл стаканын қойыңыз да, функцияны ауыстырып қосу тұтқасын SELF CLEAN (өздігінен тазарту функциясы) қалпына бұраңыз. Операцияны іске қосу үшін ҚОСУ/ПАУЗА кнопкасын басыңыз. 8 минуттан соң стаканды алып тастаңыз да, духовканы құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

### 6. УАҚЫТЫН КҮЙГЕ КЕЛТІРУ

























Жұмыс уақытын азайту немесе ұлғайту үшін тиісті функциясын (микротолқынды пеш, гриль және т.б.) таңдаңыз, УАҚЫТ + немесе УАҚЫТ- кнопкасын басып қалаған уақытыңызды қойыңыз, содан кейін функцияны таңдағаныңызды растаңыз.

### 7. SIMPLICITY КНОПКАСЫН ПАЙДАЛАНУ



Simplicity тұтқасы қалаған функцияны (даярлау, жібіту, гриль және т.б.) орнату үшін қолданылады. Кнопкадағы белгілер даярлауы үшін қандай да бір функция қолданылатын үлгілі өнімдердің бейнеленуін көрсетеді; алайда сіз сондай-ақ осы функциялар көмегімен басқа да баламалы тамақтарды дайындай аласыз. Келесі беттегі кестеде әр функцияның арналуы сипатталған, сондай-ақ әр функция үшін алдын ала белгіленетін уақыты көрсетілген. Әрине, Сіз кез келген уақытты өз қалауыңыз бойынша орната аласыз.

**Функцияларды ауыстырып қосу тұтқасы сондай-ақ таңдалған функцияны ТОҚТАТУ немесе БОЛДЫРМАУ үшін қолданылады. Жай ғана оны «0» деген бастапқы қалпына бұраңыз.**

Символь	Функциясы	Мәні	Үндемеу	Күйге келтіру бойынша уақыт саны	Ұсыныстар
	Микротолқын 100% 	Бір кесе су / кофе / сүт / шай	1 кесе - 200мл	2 мин 20 сек	Неғұрлым ыстық сусын алу үшін не кесе үлкен болса, қыздыру уақытын ұлғайтыңыз.
	Микротолқын 100% 	Поп-корн	1 пакет – 90г	3 мин	егер кесе үлкен болса, жылыту уақытын ұлғайтыңыз.
	Микротолқын 80% 	Көкөніс	300г – сәбіз (кесілген)	4 мин	
	Микротолқын 50% 	Шоколадты жібіту	100г	2 мин	Қара шоколад үшін уақытын ұлғайтыңыз
	Микротолқын 20% 	Жібіту	Нан 0,5кг	20 мин	Неғұрлым ұсақ кесектер үшін, уақытын азайтыңыз.
	Гриль 100% 	Балық	Балық 500г	25 мин	Балықты 12,5 мин соң, Аударыңыз, қысқа дабылы естіледі, ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА дегенді басыңыз.
	Микротолқын 30% + гриль 70% 	Пицца	Пицца 350г	11	
	Микротолқын 40% + гриль 60% 	Бифштекс 500г		35 мин	Екі жағынан стейктің қытырлақ қабық алу үшін, аяғына дейін 5мин. ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА кнопкасын басыңыз, Стейкті аударыңыз, содан соң ІСКЕ ҚОСУ/ПАУЗА кнопкасын басыңыз.
	Сағат 	Сағат			
	Уақытын кідірту 	Уақытын кідірту			
	Микротолқын 100% 	Өзін тазарту			



1. Пешті тазартар алдында өшіріңіз де, шнур айырын қабырға розеткасынан ажыратыңыз.
2. пештің ішін таза ұстаңыз. Егер сұйық тамақ қабырғасына тиіп кетсе, оларды ылғал шүберекпен сүртіңіз. Абразивті және агрессивті тазартқыш құралдарын пайдалануға болмайды.
3. Аспаптың сыртқы беттерін ылғал шүберекпен тазартыңыз. Аспаптың ішіндегі функционалдық бөлшектерінің ақаулануын болдырмау үшін желдеткіш саңылауларына судың ағып кетпеуін қадағалаңыз.
4. Басқару панеліне ылғал түспеуін қадағалаңыз. Панелін жұмсақ ылғал шүберекпен сүртіңіз. Жұмсақ ылғал шүберек көмегімен тазартыңыз: басқару панеліне жуғыш құралдарын, абразивті заттарды және бүркөгінш тазартқыш құралдарын пайдаланбаңыз.
5. Егер пеш есігінің ішінде немесе оның есігінің сыртқы бетінде бу жиналса, буды ылғал шүберекпен сүртіп тастаңыз. Бұл жоғары ылғалдығы бар жайларда жұмыс істейтін аспаптарда болуы мүмкін. Бұл құбылыс ақаулық болып табылмайды.
6. Шыны тарелкасын кейде тазарту үшін шешіп алып тұрыңыз. Оны жылы сабынды сумен немесе ыдыс жуғыш машинасында жуыңыз.
7. Аспаптың жұмыс істеп тұрғанында шеттен тыс шуын болдырмау үшін ролик тұғырығы мен камерасының түбін жүйелі тазартып тұрыңыз. Бұл үшін түбін жұмсақ жуғыш құралы, су немесе шыныны тазартуға арналған құралы көмегімен сүртіңіз. Роликтік тұғырығын жылы сабынды сумен немесе ыдыс жуғыш машинасында жуыңыз. Көп рет даярлау кезінде тағамдық булану пайда болады, бірақ олар жұмыс камерасының түбі мен роликті тұғырығының дөңгелектері үшін зиянсыз. Тазарту үшін ішіндегі төменгі бетінен роликті шығыршықты шешіп алғаннан кейін оны дұрыс қалпына орнатуды ұмытпаңыз.
8. Пеште жағымсыз иісті кетіру үшін терең ыдысқа бір стакан су құйыңыз, шырын мен бір лимонның ұнтағын қосыңыз да, ыдысты пешке қойыңыз. Микротолқынды пеште 5 минут бойына қыздырыңыз, мұқият тазартыңыз да, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

### **ПАЙДАҒА АСЫРУ**

Аспапты оның жарамдылық мерзімі өткеннен кейін әдеттегі тұрмыстық қалдықтарымен қоса тастамаңыз, оны одан әрі пайдаға асыру үшін жинаудың мамандандырылған пунктіне тапсырыңыз. Осылай істей отыра, сіз қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

## ОРНАТУ

1. Аспаптан бүкіл орау материалдарының алып тасталынғанына көз жеткізіңіз. н шешіп алып, оны алып шығыңыз.
2. Аспапты шешіп алғаннан соң мына сияқты көрінетін ақаулықтарының болуына тексеріңіз:
  - реттелмеген есігі,
  - ақауланған есігі,
  - есігінің шыны бетінде немесе экранында жаншылулар немесе саңылаулар,
  - пештің қуысындағы жаншылулар.Егер көрсетілген ақаулардың ең болмаса біреуін тапсаңыз, пешті ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.
3. Осы микротолқынды пешінің салмағы 13,3 кг, сондықтан оны осы салмақты көтеретін жеткілікті мықты, көлденең бетіне орнатыңыз.
4. Пешті жоғары температура мен будың көздерінен алыс орнату керек.
5. Пештің жоғарғы үстіне ешқандай заттарды ҚОЙМАҢЫЗ.
6. Пешті тиісті желдетуді қамтамасыз ету үшін екі жан қабырғадан минимум 20 см артқы қабырғадан 30 см қашықтықта ұстаңыз.
7. Дискісінің жетек білігін шешіп алмаңыз.
8. Кез келген құрылғылармен сияқты, балалар аспапты пайдаланған жағдайда қатаң қадағалау қажет.
9. Төтенше жағдайлар барысында айырды оңай жұлып алу үшін, электр розеткасының қолжетімді болғанына көз жеткізіңіз. Кері жағдайда, аспапты тізбектің ауыстырып қосқышы көмегімен сөндіру мүмкіндігі болуы керек. Осы жағдайда электр қауіпсіздігі бойынша стандарттарының қолдағы бар ережелері ескеріледі.  
Бұйым бір фазалық айнымалы тогы бар (230 В/50 Гц) жерленген розеткасымен дұрыс орнатылуы керек. ЕСКЕРТУ! АСПАП ЖЕРЛЕНУІ КЕРЕК!
10. Бұл пеш ендіру үшін 1,4 кВА талап етеді, пешті орнату барысында қызмет көрсету жөніндегі инженердің кеңесі ұсынылады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: бұл пеш ішінен 250В,10 Ам. сақтандырғышымен қорғалған.**

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ



Тұтынатын қуаты.....230V~50Hz,1400W  
Шығыстағы қуаты.....900Вт  
Торлы қыздырғыш.....1000Вт  
Жұмыс жиілігі.....2450МГц  
Сыртқы өлшемдері ..... 595мм(Шир) x 390мм(Выс) x 390мм(D)  
Пештің сыйымдылығы .....23 литров  
Ыдысынсыз салмағы.....Шамамен 14 кг  
Шу деңгейі.....Lc < 58 дБ (А)



Осы аспапта электр және электрондық жабдықтардың қалдықтары туралы (WEEE) ЕС 2002/96/ЕС Директивасына сәйкес маркалауы бар.

Осы құрал электр және электрондық жабдықтарын пайдаға асыру үшін қайтару және қайта өңдеудің жалпыеуропалық заңдылығының негізі болып табылады.

## ОРНАТУ КӨЛЕМДЕРІ



## РАДИОБӨГЕТТЕР

Микротолқынды пеші Сіздің радио, теледидар немесе басқа да осылар сияқты жабдықтар үшін бөгет тудыруы мүмкін. Бөгет туындаған жағдайда, оларды мына рәсімдер арқылы алып тастауға немесе олардың деңгейін төмендетуге болады:

- Пешіңіздің және ыдыағыш бөлігіңізді алыңыз.
- Радио, теледидар және т.б. пештен алысырақ орналастырыңыз.
- Айқын сигналды қармау үшін өз радио, теледидар және т.б. үшін дұрыс орнатылған антеннаны пайдаланыңыз.

БІЗ АСПАПТЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІНЕ  
ӘСЕР ЕТПЕЙТІН КЕЗ КЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРДІ ЕНГІЗУ  
ҚҰҚЫҒЫН ӨЗІМІЗГЕ ҚАЛДЫРАМЫЗ.

## Сервистік орталығына өтініш жасамастан бұрын

1. Егер пеш мүлдем жұмыс істемесе, онда ақпарат дисплейде көрсетілмейді немесе дисплей жоғалып кетеді:

а) Пеш сенімді қосылғанына көз жеткізіңіз. Егер бұл ойдағыдай болмаса, айырын розеткадан жұлып алыңыз да, 10 секунд күте тұрыңыз және қайтадан оны сенімді қосыңыз.

б) Жайларда балқығыш сақтандырғышы жанып кетпегенін немесе қорғауыш автоматының іске қосылмағанын тексеріңіз. Егер олар қалыпта жұмыс істеп тұрса, басқа аспаптың көмегімен қоректену розеткасын тексеріңіз.

2. Егер микротолқынды пешінің қуаты жұмыс істемесе:

а) Таймердің орнатылғанын тексеріңіз.

б) Қорғауыш блокауын іске қосу үшін есіктің сенімді жабылғанына көз жеткізіңіз. Кері жағдайда, микротолқынды энергиясы пешке түспейтін болады.

**Егер жоғарыда сипатталған әрекеттердің бір де бірі жағдайды өзгертпесе, онда жақын жердегі сервистік қызмет көрсету бойынша уәкілетті органымен байланысу қажет.**

**Электрмагнитті энергиясы көмегімен тамақ пен сусындарды қыздыру үшін тұрмыста пайдалануға арналған аспап, тек жайларда пайдалану үшін.**

## Кепілдік және техникалық қызмет көрсетуі

Егер Сізге ақпарат қажет болса немесе Сізде проблемалар болса, өз еліңіздегі «Горень» компаниясының Клиенттерге қызмет көрсету орталығымен байланысыңыз (телефон нөмірі халықаралық кепілдік парағында көрсетілген). Егер Сіздің еліңізде Клиенттерге қызмет көрсету орталығы болмаса, «Горень» компаниясының жергілікті дилеріне өтініш жасаңыз немесе «Горень» компаниясының Тұрмыстық электр аспаптарына қызмет көрсету бөлімімен байланысыңыз.

### **Тек жеке пайдалану үшін!**

Микротолқынды пешінің көмегімен тамақ даярлау үшін қосымша ұсыныстарды және пайдалы кеңестерді Сіз мына интернет-сайттан таба аласыз:

<http://www.gorenje.com>

**СІЗДІҢ ЭЛЕКТР АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУЫҢЫЗ СІЗГЕ КӨПТЕГЕН ЖАҚСЫЛЫҚ ӨКЕЛСІН**

# **gorenje**